

## **Заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеу ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 1074 Жарлығы.

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша ", сондай-ақ заң жобасының қаралуын шұғыл деп жариялау" деген сөздер алып тасталды – ҚР Президентінің 05.05.2017 № 471 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 45-бабының 1-тармағына және 61-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде өз шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2003 жылғы 29 сәуірдегі  
N 1074 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеу ережелері**

Ескерту. Ереженің тақырыбындағы ", сондай-ақ заң жобасының қаралуын шұғыл деп жариялау" деген сөздер алып тасталды – ҚР Президентінің 05.05.2017 № 471 Ж а р л ы ғ ы м е н .

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "немесе оның қаралуын шұғыл деп жариялауға", ", сондай-ақ заң жобасын қарауды шұғыл деп жариялауға", "немесе оның қаралуын шұғыл деп жариялауға", "немесе оның қаралуын шұғыл деп жариялау", "немесе оны қаралуын шұғыл деп жариялау", "немесе оның қаралуын шұғыл деп жариялаудың", " немесе шұғыл деп жариялау" деген сөздер алып тасталды – ҚР Президентінің 05.05.2017 № 471 Жарлығымен.

Осы Ереже Мемлекет басшысының заң жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге конституциялық құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

1. Заң жобасын қарауды басым деп белгілеуге шешім қабылдаған кезде Мемлекет басшысы немесе оның тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің

Әкімшілігі тиісті мемлекеттік органның назарына осы заң жобасын қарауды басым деп белгілеу жоспарланатынын жеткізеді.

2. Әдетте, басым ретпен қарауды Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілген немесе енгізілуге дайын заң жобаларына қатысты белгілейді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы жолдауымен басым деп белгіленген және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына әлі енгізілмеген заң жобалары тиісті мемлекеттік органдармен келісілуге және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне қарауға ұсынуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісілгеннен кейін мұндай заң жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі он күн мерзімде Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізеді.

4. Алып тасталды - ҚР Президентінің 28.10.2019 № 195 Жарлығымен.

5. Алып тасталды - ҚР Президентінің 28.10.2019 № 195 Жарлығымен.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі өзі әзірлеген заң жобаларына қатысты Қазақстан Республикасының Президентіне заң жобасын қарауды басым деп белгілеу туралы ұсыныс енгізуге хақылы.

7. Осы Ереженің 6-тармағында аталған ұсынысқа тиісті заң жобасы және:

1) Парламенттің заң жобасын қарауды басым деп белгілеу қажеттілігіне негіздеме;  
2) заң жобасының нақты мақсаттары және ол шешетін міндеттер қамтылуға тиіс түсіндірме жазба қоса беріледі.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі он күн мерзімде заң жобасын басым деп белгілеу туралы ұсынысты қарайды және Мемлекет басшысына заң жобасын қарауды басым деп белгілеудің орындылығы туралы қорытындыны ұсынады.

9. Мемлекет басшысының шешімі бойынша қаралуын басым деп белгілеу жоспарланып отырған заң жобаларын дайындау мен келісудің өзгеше тәртібі, мерзімдері белгіленуі мүмкін.